

*Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
мемлекеттік медицина университеті*

*Кафедра: Жалпы хирургия*

*Факультет: Жалпы медицина*

***Студенттің Өзіндік Жұмысы***

*Тақырыбы: Пластикалық хирургияның және трансплантологияның негізі*

*Орындаған: Аминова С. Н.*

*Тобы: 314 “А”*

*Тексерген: Курмангалиев К.Б.*

*Ақтөбе қаласы – 2016 жыл*

# *Жоспары:*

*I.Кіріспе*

*II.Негізгі бөлім*

*Пластикалық хирургия түсінігі.*

*Пластикалық хирургияның міндеті.*

*Оның кезеңдері.*

*Трансплантацияның түрлері.*

*III.Қорытынды*



- *Тіндер мен ағзалардың түрі мен қызметінің қалпына келтіруімен айналысатын хирургияның бөлімі пластикалық хирургия деп аталады.*
- *Пластикалық хирургияның міндеті — қызметтік және анатомиялық өзгерістерді шақыратын туа біткен және жүре пайда болған кемістіктерді жою болып табылады.*

# *Пластикалық хирургияның кезеңдері*

- Эмпирикалық кезең. Санаулы хирургиялық операциялармен сипатталады. Ең көп операцияларға мұрын, қабақ және құлақ қалқанын маңдай, бет және қолдың тіндерімен пластика жасау операциялары болып табылады.*
- Пластикалық хирургияның негізінің қалыптасу кезеңі. И. Земмельвейстің, Л. Пастердің, Н. И. Пироговтың, Дж. Листердің асептика мен антисептика ілімінің негізін қалады.*

- Қазіргі кезең — микрохирургиялық техниканың дамуымен тығыз байланыста, оларды қолдану көп кезеңді пластикалық операциялардан бас тартуға және кемістіктерді әртүрлі аутоотранспланттармен ауыстырып, ондағы қан айналымын микротамырлық анастомоз салу арқылы қалпына келтіруші бір кезеңді операцияларды жасауға мүмкіндік берді.

# Әдістері:

- Егер ағзаларды немесе тіндерді ауыстырып отырғызу кезінде отырғызылатын бөліктің аналық қоректенуі сақталатын болса, онда пластиканың бұл әдісін **қоректендіруші аяқшасы бар пластика** немесе **транспозиясы** деп атайды.
- Егер ауыстырып отырғызылатын ағза немесе тін операция барысында өзі орналасқан денедегі немесе донор денесіндегі аналық қоректенуін жоғалтса, онда бұндай әдіс **трансплантация** немесе **бос** отырғызу деп аталады.




- *Тіндерді немесе жасушаларды жақын орналасқан жерге әкеліп қояды имплантация деп атайды.*
- *Трансплантат деп – пластика жасау мақсатымен өзінің немесе донордың денесімен толық ажыратылып алынған тіндердің бөлігін айтады.*

### ***Трансплантацияның түрлері:***

*Аутогенді трансплантация – донор мен реципиент бір адам болып табылады.*

*Аллогенді трансплантация – донор мен реципиент бір түрге жатады. Пластиканың бұл түрі изогенді және сингенді пластика болып бөлінеді.*



- *Ксеногенді трансплантация – донор мен реципиент әр түрге жатады.*
- *Ағзалар мен тіндерге протез салу – синтекалық заттарды, металдарды немесе басқа да бейорганикалық заттарды пайдаланады*



## *Тері пластикалары:*

- *Бос терілік пластика - толық қабатты және ажыратылған бос тері кесінділерін пайдаланады. Ұзақ уақыт жазылмай жүрген жаралар мен трофикалық ойық – жараларды емдеу үшін, кішігірім бөліктерді грануляциялық тінге отырғызуға болады.*
- *Дерматомды пластика – үлкен аумақты кемістіктерді ажыратылған кесінділермен жабуға мүмкіндік береді. Көлемін ұлғайту және жаралық бөліністердің сыртқа ағып шығуын жақсарту үшін, торлы кесіндіні дайындайды. Бұл кезде кесіндінің ауданы алғашқы көлемінен 3-6 есе үлкен болып шығады.*

- *Бос емес терілік пластика.*
- *Жергілікті – жылжытылған терілік кесінділерді қолдану:*
  1. *Кең етіп ажырату жолымен мобилизациялау.*
  2. *Босатушы тіліктер – жараның жиегінен ашақтау жерлерде тіліктер жасалып, кемістіктің шеттерін жақындату.*
  3. *Z – тәрізді пластика – дөрекі тыртықтарды және тыртықтың салдарынан дене бөліктерінің қызметі бұзылғанда жасалады*
  4. *Тіл тәрізді айнымалы тері кесіндісін – кемістіктің қасындағы сау тері бөлігінен кесіп дайындайды, сөйтіп оны айналдыра жылжытып кемістікті жабады – үнді әдісімен мұрынның пластикасы жасалады.*

- *Аллотрансплантация деп – аутотрансплантация жасау мүмкіндігі болмаған жағдайда және үлкен көлемді кемістіктерді жабу үшін, жаңа және консервіленген транспланттарды қолдану әдісін айтады.*

## *Пайдаланылған әдебиет:*

- *Жалпы хирургия Қ.Д.Дұраманов  
Алматы, 2006ж*
- *Интернет желісі*